


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ

Бекітемін
Ректор
У. Умбетов
Ғылыми Кеңестің шешімі
(№ 4 хаттама, «22» 2024 жыл)



ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАР ЖӘНЕ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР ҚЫЗМЕТІ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Қызылорда, 2024

Мазмұны

1. Жалпы ережелер
2. Қызылорда «Болашақ» университетінің ғылыми қызметі
3. Халықаралық ынтымақтастық

1. Жалпы ережелер

«Болашақ» университетінің ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар қызметі туралы ЕРЕЖЕСІ (бұдан әрі-Ереже) 27.07.2007ж. ҚР «Білім туралы» Заңына (24.10.2011 ж. енгізілген өзгертулер және толықтырулармен), Ғылым және технологиялық саясат туралы Қазақстан Республикасының Заңына (2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ) сәйкес әзірленген.

Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ғалым – ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне қол жеткізетін жеке тұлға;

2) ғылым – функциялары табиғи байлықтарды ұтымды пайдалану және қоғамды тиімді басқару мақсатында табиғат, қоғам және ойлау заңдарын зерделеу, болмыс туралы объективті білімді тұжырымдау және теориялық жағынан жүйелеу болып табылатын адам қызметінің саласы;

3) ғылыми, ғылыми-техникалық жоба мен бағдарлама – болжанатын ғылыми-техникалық жұмыстың мазмұнын қамтитын, жоспарланған жұмыстарды жүргізудің мақсаттары мен міндеттері, олардың өзектілігі, жаңалығы, ғылыми-практикалық маңыздылығы мен орындылығы негізделген ғылыми, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық, маркетингтік зерттеулерді білдіретін құжат;

4) ғылыми-зерттеу жұмысы – бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын анықтау, жобаларды ғылыми жинақтау, ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми ізденуге, зерттеулер, эксперименттер жүргізуге байланысты жұмыс;

5) ғылыми зерттеулер – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстары, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар шеңберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері тиісті ғылыми әдістермен және құралдармен жүзеге асыратын қолданбалы, іргелі, стратегиялық ғылыми зерттеулер;

6) ғылыми қызмет – зерделенетін объектілерге, құбылыстарға (процестерге) тән қасиеттерді, ерекшеліктер мен заңдылықтарды анықтау мақсатында қоршаған болмысты зерделеуге және алынған білімді практикада пайдалануға бағытталған қызмет;

7) ғылыми қызметкер – ғылыми ұйымда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында немесе ұйымның ғылыми бөлімшесінде жұмыс істейтін, жоғары білімі бар, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесіне қол жеткізетін және оны іске асыратын жеке тұлға;

8) ғылыми тағылымдама – ғалымдардың "Болашақ" халықаралық стипендиясы шеңберіндегі тағылымдаманы қоспағанда, ғылыми зерттеулердің таңдап алынған бағыты бойынша кәсіптік құзыреттерін дамыту мақсатында шетелдік және (немесе) отандық жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі жетекші білім беру ұйымдарында, ғылыми орталықтарда және өзге де ұйымдарда тағылымдамадан өтуі.

2. Қызылорда «Болашақ» университетінің ғылыми қызметі

2. Білім беру қызметімен қатар ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық, инновациялық қызмет, оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықты іске асыру, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстары мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы жүзеге асыратын қызметтің негізгі түрлері болып табылады.

3. Университеттің, сондай-ақ олардың ғылыми қызметкерлерінің ұжымдық пайдаланымдағы ғылыми зертханалар көрсететін қызметтерді пайдалануға, бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де

көздер есебінен қаржыландырылатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларға арналған конкурстарға қатысуға тең құқығы бар.

4. Университет оқу-білім беру процесіне ғылымның озық жетістіктерін ендірумен қатар оқыту процесіне ғылыми, ғылыми-зерттеу ұйымдарының ғалымдарын, оның ішінде шетелдік ғалымдарды тартуға құқылы.

5. Қызылорда «Болашақ» университетінің 2020-2025 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарына сай түпкілікті мақсатты анықтау және жұмыс нәтижесін алуды қамтамасыз ету;

6. Университеттің ғылыми-зерттеу қызметін үйлестіру;

7. Web of Science, Scopus деректер қорында индекстелетін рейтингті басылымдарда университет ғалымдары мен ОПҚ-ң жарияланымдық белсенділігін арттыру;

8. Университеттің ҒЗЖ-ң тақырыптық жоспарын құру;

9. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша түрлі деңгейдегі конкурстарға университеттің ОПҚ мен білім алушыларын қатыстыруды қамтамасыз ету;

10. Ғылыми және гранттық конкурстарға қатысу үшін ұсынылған құжаттамалар сапасын тексеру және олардың орындалуын бақылау;

11. Профессор-оқытушылар құрамының ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижелерін білім беру қызметіне енгізу үдерісіне әкімшілік колдау көрсету;

12. Университеттің ғылыми құрылымдарын, кафедраларды ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз ету;

13. Университет базасында ғылыми-техникалық іс-шараларды: жақын және алыс шетелдердегі, отандық жетекші ЖЖКББҰ-мен бірігіп ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер, on-line конференциялар ұйымдастырып, өткізу;

14. Жас ғалымдар кеңесінің қызметін ұйымдастыру және үйлестіру;

15. ҒЗЖ нәтижелерін коммерцияландыруға бағытталған жобаларды дайындауға қатысу.

3. Халықаралық ынтымақтастық

1. Халықаралық ынтымақтастық тиісті халықаралық шарттардың, халықаралық ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың негізінде, сондай-ақ қазақстандық және шетелдік ғылыми және өзге де ұйымдар арасында ғылыми-техникалық ынтымақтастықты орнату мен кеңейтуге жәрдемдесетін нысанда жүзеге асырылады;

2. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері халықаралық ғылыми, ғылыми-техникалық ұйымдар мен бірлестіктерге кіруге, халықаралық ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларға, шет мемлекеттердің ғылыми, ғылыми-техникалық жобалары мен бағдарламаларына қатысуға құқылы;

2. Ғылым және техника саласына салынатын шетелдік инвестициялар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және нысандарда жүзеге асырылады;

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық өнімдердің Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерге берілуін бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады;

4. Қызылорда "Болашақ" университетінің мүдделерін ескере отырып, білім беру саласындағы халықаралық байланыстарды дамытудың стратегиялық бағыттарын әзірлейді;

5. Мамандарды даярлау, ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру, бірлескен оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу бағдарламалары және шетелдік әріптестермен басқа да тікелей келісімдер, шарттар мен меморандумдар саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және іске асыру;

6. Бірлескен білім беру бағдарламалары мен қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша шетелдік әріптестермен келісімдер жасасу бойынша мәтіндерді келісуге дайындау және ұсыныстар енгізу;

7. Шетелдік әріптестермен халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

8. Жасалған келісімдерді іске асыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз ету;

9. Онлайн және офлайн форматтарда бірлескен жобалар шеңберінде өткізілетін көшпелі халықаралық семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстелдер мен пікірталастар ұйымдастыру;

10. Білім алушылардың сыртқы академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру және өткізу, қос дәрежелі/қос диплом және біліктілікті арттыру курстары бағдарламалары бойынша оқытуды ұйымдастыру;

11. Университет оқытушылары мен қызметкерлері үшін ағылшын тілін тереңдетіп оқыту курстарын ұйымдастыру, IELTS (IELTS), TOEFL (TOEFL) және т. б. халықаралық емтихандарды тапсыруды ұйымдастыру;

12. Шетелге оқуға, тағылымдамаға іссапарға жіберу үшін ғылыми-педагогикалық қызметкерлерді, мамандар мен оқушыларды іріктеу мен ресімдеуді бақылау.